

С. А. Балтабаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ҒЗИ ІІО әкімшілік қызметі және басқару мәселелерін зерттеу жөніндегі орталығының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІІО-НЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ХАЛЫҚПЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТИЛЕРІ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасы ІІО төтенше жағдай кезінде халықпен өзара қимылының теориялық және іс жүзінде қолданылатын көріністері мазмұндалған, өзара қимылдың өзекті мәселелері талданады және оларды шешудің жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: төтенше жағдай, төтенше оқиға, өзара қимыл, халық.

Бүгінгі таңда кез келген қазіргі заманғы мемлекеттерде төтенше жағдайлар ерекше орын алатын түрлі мәселелер туындауы әбден мүмкін. Бұл дегеніміз — адам өліміне әкеп соқтыратын, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіретін, мейлінше материалдық шығын келтіретін және адамдардың тіршілік әрекетінің бұзылуына әкеп соқтыратын апат, өрт, қауіпті өндіріс факторларының, қауіпті табиғи болмыстардың зиянды әсерлері, зілзала, табиғи және басқа да апаттар нәтижесінде қалыптасқан белгілі аумақтағы жағдай ретінде түсіндіріледі¹. Тек әлемдік қауымдастықтың біріккен күшімен ғана оларды шешуде оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Бұл процесте әлемдік қауымдастықпен ықпалдасып отырған Қазақстан да маңызды рөлге ие.

Даму үстіндегі келеңсіз жағдайлармен күресудің бірден-бір жолы барлық мемлекеттік органдарды, соның ішінде құқық қорғау органын жетілдіру болып табылады. Тек осылар ғана азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың құқықтарын, бостандықтары мен меншіктерін қорғауға, қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауға қабілетті. Қазіргі қоғам құқық қорғау органдарына барлық қоғамдық институттармен бірге үлкен әлеуметтік иек артады. Сондықтан құқықтық тәртіпті қамтамасыз ететін органдар алдында өз қызметтеріндегі басымдылықтарды өзгерту міндеті тұр. Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта полиция органдары қызметінде жана тұжырымдама туындап тұрғанын айта кеткен жөн. Бұл жаңалықтардың айтарлықтай ерекшелігі полиция қызметін бағалау өлшемін өзгертумен сипатталады да, негізгі міндеті азаматтардың қауіпсіздігін және олардың полициямен жұмыс істеуде қанағаттанарлық деңгейде болуын қамтамасыз ету болып табылады. Осындай өзгерістер халықпен өзара әрекеттесудің түрлері мен жолдарын айқындау міндетін қамтамасыз етеді.

Осының жалғасы ретінде айтатынымыз, ішкі істер органдары қызметінің тиімділігі қоғамның түрлі субъектілерімен олардың өзара әрекеттесу дәрежелеріне байланысты болады. Қазақстан Республикасы ІІО-ның осы үдеріс аясында жұмыс істеу дайындығы мен біліктілігі полиция қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігінің деңгейі мен сипатын анықтауда маңызды өлшем болып табылады.

Қазақстан Республикасы ІІО қызметінің тұжырымдамалық негіздерін өзгерту демократиясы дамыған елдердің тәжірибелерін және төтенше жағдайларда құқық қорғау органдар қызметін реттейтін нормаларды жан-жақты зерделеуді талап етеді. Шетелдердегі нормативтік-құқықтық актілер мен полицияның тәжірибелік қызметіне талдау жасауда демократиялық мемлекетте репрессивтік және жазалау функциялары құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстылықтың алдын алу және бақылау, азаматтарға кең көлемде әлеуметтік қызмет көрсету міндеттеріне жол

Қазақстан Республикасының ІІО-ның төтенше жағдайларда халықпен өзара әрекет етуінің теориялық және қолданбалы аспектілері

беретініне көз жеткізуге болады. Осыған орай құқық қорғау органдарының жұмысын халықпен, оның ішінде төтенше жағдайларда тығыз өзара әрекет негізінде ұйымдастыру қажеттілігі айдан анық.

Қазақстанда төтенше жағдайларда ішкі істер органдары қызметін өзара әрекеттің және халықтың принципінде ұйымдастыру өзектірек. Осыған ұқсас отандық оң тәжірибенің барын ескерген жөн. Қазақстандағы қазіргі кезеңде қалыптасқан азаматтық қоғамның негізі қоғамдық келісім, яғни мемлекет пен халықтың барлық институттарының өзара әрекеттесуі. Заманауи мемлекет өзінің гуманистік бағыттылығымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына мемлекеттің кепілдік беруін міндеттейді, осы принципті басшылыққа ала отырып, мемлекеттің барлық институттары, соның ішінде құқық қорғау органдары азаматтардың мүдделерін қорғауды өз қызметтерінің негізі етіп алады². Ішкі істер органдары үшін халықпен тығыз өзара әрекетті ұйымдастыру бұл міндеттерді шешудің бірден-бір жолы болып табылады.

Қазақстан Республикасы ІІО мен халықтың төтенше жағдайлардағы өзара әрекетінің ұйымдастыру-құқықтық негіздерін өзекті бола тұрса да, жеткіліксіз зерттелген. Осы тақырыптағы кейбір мәселелер әкімшілік-құқықтық, жедел-іздігі және криминологиялық аспектілерде қарастырылады. Ал, оның жекелеген мәселелерінің жиынтығы теориялық-құқықтық тұрғыда зерттеуге жатады.

Өзара әрекет үдерісін ұйымдастыру және оның формаларын жүзеге асыру табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы түрлі тәртіптермен тығыз байланысты. Сондықтан табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларда жүзеге асырылатын өзара әрекет үдерісін ажырата білу қажет. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды құрайтын адам құқықтарының үрдістері күмәнсіз болғанымен, Қазақстан Республикасы ІІО мен халыққа қатысты өзара әрекет үдерісін басым жағдай ретінде таныған жөн, оның рөлі мен мәні арта түсуде, Қазақстан Республикасы ІІО қызметін ұйымдастыруда маңызы жоғары.

Қазақстан Республикасы ІІО жаңа заңы қабылдануымен байланысты өзара әрекет үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асыру барлық құқық қорғау органдарындағы мәселелерді шешуде бұл үдеріске қатысушылардың ұғымын түбегейлі өзгертті. Бүгінгі таңда болып жатқан үрдістер қандайда бір қосалқы, қосымша өзара әрекеттер ішкі істер органдары қызметінің негізгі нысанына айналып жатқандығын куәландырады.

Аталған анықтама демократиялық мемлекетте полицияның қызметін дара нысан ретінде көрсетіп, Қазақстан Республикасы ІІО мен халықтың өзара әрекет үдерісін заманға сай ұғыну мәнісін сипаттайды.

Тергеу көрсеткендей, полиция қызметінің мәні мен мазмұны ғана емес, өзара әрекет үдерісін жүзеге асыру принциптері де, сол сияқты құқық бұзушылықпен және қылмыстармен күрестің барлық стратегиялары да өзгереді. Басты назар алдын алу шараларын ұйымдастыруға және жүзеге асыруға арналады. Халықта ерекше назар мен қорқыныш тудыратын «әлеуметтік-қорқынышты жағдайлар» түсінігі туындайды. Сондықтан төтенше жағдайлардың туындау қаупін мүмкіндігінше азайтуға, сонымен қатар адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтауға, ол туындаған жағдайда материалдық шығындар көлемін төмендетуге бағытталған шаралар кешенін жүргізу қажет. Бұл Қазақстан Республикасы ІІО қоғамдағы беделінің өсе түсуіне, олардың қызметін ерікті түрде қолдауға әкеледі, нәтижесінде Қазақстан Республикасы ІІО қызметінің арқасында төтенше жағдайлардың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алуға, әрі төмендетуге бағыттауға болатын қосымша ресурстар туындайды.

Қазақстан Республикасының ІІО-ның төтенше жағдайларда халықпен өзара әрекет етуінің теориялық және қолданбалы аспектілері

Өзара әрекет үдерісін жүзеге асыру Қазақстан Республикасы ІІО әлеуметтік маңызының өсуіне объективті түрде ықпал етеді. Полиция негізгі міндеті қоғамдық тәртіпті және қылмыстылықпен күресті қамтамасыз ететін ғана емес, осы саладағы басқа да мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық институттарды біріктіретін және үйлестіретін институтқа айналады. Бұл ішкі істер органдарының мейлінше күрделеніп жатқан ішкі қызметтерінің азаматтық құрылымдар мен институттар қызмет ететін принциптерге негізделуіне әкеледі. Қоғам тарапынан сенім мен қолдау көрсету деңгейі шексіз өсе түскендіктен, трансформациялық өзгерістер маңызды мәнге ие болады. Қоғамда төтенше жағдайларда құқық қорғау қызметінде үлкен қаржы және әкімшілік ресурстарды тартып, белсенді қызмет көрсететін тұрақты анти криминалдық позиция қалыптасады. Өзара әрекеттегі тиімді үдеріс тиімді шарттарды сақтағанда ғана жемісін бермек.

Өзара әрекеттің тиімді үдерісі негізге алынатын шарттарды сақтағанда ғана болады. Біріншіден, жүйелі, әрі көп деңгейлі сипатқа ие құқықтық реттеудің тиімді механизмінің болуы. Өзара әрекет субъектілерінің ұйымдастыру-әкімшілік және басқару қызметі мемлекеттік билік органдары үшін тікелей жетекшілік ететін нормативтік-құқықтық сипаттағы құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Әдетте Қазақстан Республикасы ІІО төтенше жағдайларды ескерту және жою бойынша шаралады жүзеге асырады, төтенше жағдайлардағы тәртіпті қамтамасыз етеді³. Сондықтан осындай тәртіпте қылмыстылықпен күрес мемлекеттік маңызы бар мәселе болып табылады. Өзара әрекет бойынша Қазақстан Республикасының ІІО мақсаттары мен міндеттері – басымдылықтарды анықтайды және ортақ қызметті үйлестіреді. Сонымен бірге осы механизмде заңды құрылған шараларды іске асыру үшін жауапкершілік жүктелетін арнайы органдардың қызметі қарастырылуы керек.

Екіншіден, аймақтық биліктің өз аймақтарында қылмыстылықтың жағдайы мен деңгейіне жауапкершілікті заңнамалық түрде бекіту. Оларға өздерінің қызмет ететін аймақтарында қоғамдық және құқықтық тәртіпті қорғау бойынша экономикалық және әлеуметтік маңызы бар шаралардың арнайы және кешенді бағдарламаларын кеңінен дамыту бойынша міндеттерді жүктеу.

Сол себепті, өзара әрекет үдерісін тиімді жүзеге асыру екі субъектінің – Қазақстан Республикасы ІІО мен жергілікті билік органдарының ауқымды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету негізінде ортақ белсенділігі мен жан-жақты қызметін ұйғарады. Өзара әрекет үдерісін талдау өзара әрекет үдерісінде халықтың алатын ерекше рөлі мен орны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұл үдерістегі халықтың рөлі өзара әрекет үдерісіне қаржы, коммерциялық және қоғамдық ұйымдары сияқты өзге де субъектілердің қызметіне оның қатысу сипатымен және мазмұнымен үйлеседі.

Өзара әрекет үдерісіне халықтың жанама қатысуы аталған шараларды тікелей жүзеге асыратын субъектілердің қызметіне пара-пар келеді. Өйткені өзара әрекет үдерісін сәтімен іске асыру үшін жүргізілетін шараларға сәйкес арнайы орта аса маңызды. Осыған орай беделді, пікірлеріне құлақ асатын елдегі белгілі адамдарды өзара әрекет үдерісіне тарту тәжірибесінің келешегі зор.

Құқықтық тәртіпті қолдауға халықтың тікелей қатысуы тұрғындар шамалы қала маңы немесе шағын ауылдар сияқты шағын аумақтарда ғана тиімділігін көрсетеді. Мұндай жағдайларда «көрші бақылауы» немесе полицей патруліне қатысу, түрлі ерікті халық жасағын құру сияқты әріптестік қызмет түрлерін мақсатқа сай дамыту керек.

Өзара әрекет ету үдерісі бір мезгілде құқық қорғау қызметін түрлендіреді, әрі бір ізге салады, бұл қылмыстылықтың алдын алу және онымен күрес жүйесінің сапалы жетіле түсуіне мүмкіндік береді.

Өкінішке орай біздің елімізде өзара әрекет ету тәжірибесі де, табысты жобалар да жоқ деуге болады. Біздің пікірімізше, оның себебі көп жағдайда субъективтік сипатқа ие болып, бұл үдеріс бейберекет бақылаусыз қалуында.

Қазақстан Республикасының ІІО-ның төтенше жағдайларда халықпен өзара әрекет етуінің теориялық және қолданбалы аспектілері

Негізгі қателік — халық пен ішкі істер органдарының өзара әрекетін қарапайым, қысқа мерзім ішінде құруға немесе бастап жіберуге болады деп, мән бермеуімізде. Өзара әрекет үдерісін ұйымдастыру бірнеше жылды алады, ал нағыз нәтижелері ондаған жылдар өткен соң ғана жемісін береді. Сонымен бірге өзара әрекет үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың бастауы жалпы мемлекеттік деңгейде қойылуы керек. Онымен мемлекеттік органдар айналысып, үйлестірулері керек, ал құқық қорғау органдарының өзара әрекет ету үдерісінің өзі қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді үкімет пен оған қарасты органдар мен құрылымдардың саясатына айналуы керек.

Бұл жолдағы алғашқы қадамдар:

1. Төтенше жағдайларда қылмыстылықтың алдын алу және оны төмендетуге бағытталған стратегия – бағдарламаларды дайындау және қабылдау. Міндеттелген талаптары тиісті заң күшін иеленіп, мерзімі еліміздегі қылмыстылықтың даму үрдісін ескере отырып, бес жылдан кем емес болуы керек.
2. Құрылымында төтенше жағдайларда аталған үдерістерді ұйымдастыру үшін тікелей жауапкершілік жүктелетін әр аумақтық ішкі істер органдары құрылымдарын қарастыру керек.

Мақаламызда төтенше жағдайларда өзара әрекетті ұйымдастыру аясында ІІО қызметін басқаша қарап, бағалауға мүмкіндік береді. Қазақстандағы ІІО мен халықтың өзара әрекет үдерісі бәрінен бұрын бізде субординациямен, қызметтестік деңгейінің төмендігімен шектеледі.

Субординацияға тән әдістер мен құралдар құқықтық мемлекеттің мәні мен мазмұнына толық көлемде жауап бермейді, бірақ ең бастысы, елдегі қылмыстылықтың өсуі және оның дамуы жайлы жайсыз хабарлар төтенше жағдайларда халықпен және басқа азаматтық құрылымдармен өзара әрекет саясатын ұйымдастыру саласында ІІО қызметін сапалы қайта құруды талап етеді. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының ІІО Ресей және Белоруссия реформаларының үдерісінен, сондай-ақ олардың қызметтерінің негізін қалаған принциптерден де тыс қала алмайды. Қазақстанды кең ауқымды бірыңғай экономикалық одаққа және әлемді құрылымға біріктіру – төтенше жағдайларда ІІО мен халықтың өзара әрекет үдерісінің принциптері мен тәжірибесінен тұратын құқық қорғау қызметінің жалпы әлемдік стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының ІІО қызметін біріздендіруді объективті түрде талап етеді.

Біздің пікірімізше, алдағы жылдарда осы мақсатпен ІІО қызметімен байланысты ұйымдастыру-әкімшілік, нормативтік-құқықтық және ғылыми-зерттеу сипаты мен мазмұнындағы шараларды жүзеге асыру керек.

Штаттық кестені қайта қарай отырып, ІІО қызметіне іштей қайта құру жүргізу қажет. Аттестатталған қызметкерлер лауазымын қысқарту есебінен аттестатталмаған қызметкерлер лауазымын кезеңдеп өсіру бағдарламасын дайындау керек. Азаматтық қызметкерлер санының өсуі ІІО-ны техникалық қамтамасыз етуге бағытталған қаржы ресурстарынан босатып қана қоймайды, еуропалық полицей тектес жазалау органдарының тәжірибесі байқатқандай, олардың қызметі халық үшін ыңғайлы, әрі түсінікті болмақ.

Аталған үдеріс алғашқы кезеңде Қазақстан Республикасы ІІМ жүйесіндегі білім беру мекемелері, қаржы-экономикалық және тыл бөліністері, кадр қызметі сияқты бөліністер мен күштерді толығымен және жартылай қамтуы мүмкін. Екінші кезеңде жедел-ізвестіру бөліністері, тергеу-криминалистикалық және отставкадағы полиция қызметкерлерінің ерікті жалдамалы құрамы ретінде мақсатты түрде тартуға болатын әкімшілік-құқықтық бөліністер.

Қазақстан Республикасының ІІО-ның төтенше жағдайларда халықпен өзара әрекет етуінің теориялық және қолданбалы аспектілері

ІІО қызметкерлерін оқыту және даярлау үдерісінде төтенше жағдайларда тыңдаушыларды даярлауға бағытталған тәжірибелік сабақтармен арнаулы арнайы курстарды қарастыру керек.

Қылмыс құрбандарына көмек сияқты түрлі сипаттағы қоғамдық қызметтердің қалыптасуы мен дамуына ауқымды көмек – әлеуметтік бағыттылық пен сипаттағы құқық қорғау мазмұнындағы өткір мәселелерді шешуде құқық қорғау органдарына жәрдемдесу болып табылады. Ол үшін бұл қызметті жүзеге асыру үшін арнайы үйлестірушілер тағайындау қажет.

РЕЗЮМЕ

В статье изложены теоретические и прикладные аспекты взаимодействия ОВД РК с населением в условиях чрезвычайного положения, анализируются проблемные вопросы взаимодействия и предлагаются пути их решения.

RESUME

In the real article the theoretical and applied aspects of co-operation of organs of internal affairs of Republic of Kazakhstan are expounded with a population in the conditions of extraordinary position. An author analyses the problem questions of co-operation and offers the ways of their decision.

Қазақстан Республикасының ІІО-ның төтенше жағдайларда халықпен өзара әрекет етуінің теориялық және қолданбалы аспектілері

- ¹ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» Заңы. ҚРЗ № 188-V// Егемен Қазақстан. 2014. 15 сәуір.
- ² 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы. 02.02.2011 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтыруларымен // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. — 1996. — № 4. 217-құжат.
- ³ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. 2014. 25 сәуір.